

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану жөне әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясының басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырылыш, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор З. Бисенғали

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұр-
әділ; жаупапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Алтыншы тома абаитану саласында тауелсіздік түсінігі жарық көрген таңдамалы еңбектер арнаны топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектептің білім алушылар жастағыра, ғылым мен белгілім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымығы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық алеуеттің артуына, коғамдық санаңын дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын ғынаратып, зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

АБАЙДЫҢ ҰЛЫ ЖҰМБАҒЫ

Өзендер де кейде өз арнасын өзгертеді. Жер бедерін сипаттайтын жәдігерлерде бұл мың-мың жылда бір-ақ рет болатын құбылыс ретінде аталады. Бірақ «замана өзені» тарих, табиғат занына бағынбайды, кезеңдерді, дәүірлерді таңбалап, өз заңымен агады.

Бір ағыс екіге жарылып, ескі арна суала бастаған, жана арна аққөбік толқынға көмілген бетбұрыс кезеңді орыстың бір ақыны былайша сипаттапты:

Блажен, кто посетил сей мир
В его минуты роковые!
Его призвали всеblagie
Как собеседника на пир,
Он их высоких зрелиц зрителль...

Көрермен бақытты болса болар. Бірақ сол тамашага қатысқан адам ше? Ол адам үшін тарихтың күйреуі тамаша емес – биік драма болса ше?

Абай өмір сүрген кез қазақ мәдениеті үшін осындағы бетбұрыс кезең еді. Басқа заман келді. Бұл заманың қалпын Абай және оның тұрғыластары ат төбеліндегі ғана қазақтың алдынғы қатарлы азаматтары таныды.

Ескі өмірмен қош айтысқан, жаңа, «темір ғасырдың» бүкіл қасіреті мен қайғысын ойша кешкен Абай артына көп жұмбақ тастапты. Ақынның «Сен мені не етесің?» атты елеңін сол ұлы жұмбақтардың бірі ретінде атар едім. Әрбір адамның, әрбір халықтың рухани жетілуінде үш биік белес болады.

Жетілуі аяқталмаган адам, яки халық немесе үлкен өмір тарихи кезеңді бірге кешкен бірнеше нәсіп бұл белестердің барлығынан бірдей өте бермеуі де мүмкін. Бірақ жеке бастың болсын, тұтас халықтың болсын тарихи кемеліне келгенде осы үш белестің үшеуі де кешіледі. Қарапайым тілге көшіріп, бұл үш белесті

ілкі періште тазалық, қиянат, күнә мен зина және түлеу, қайта өрлеу деп таңбалауға болар еді. Осы биік сэттің біреуінің ғана белгісі болған тұтас тарихи кезендер болады. Кейбір адамдардың, әсіресе озған тарихи тұлғалардың біз түсіне алмайтын әрекеттері осындай бір ғана рухани белестің дәлелі бола алады. Туганы хақ, биік сана, биік тіршілік иесі өзінің жетілуі барысында бұл сэттердің бірде-біреуін айналып өтеді алмайды.

Алайда зер салып қараған адам өмірде осы белестің ортандысы басқаларына қарағанда үлкен үлес алғатынын байқар еді. Қиянат, қылмыс, күна – тарихтың басты құбылысы, бұған шырмалмайтын адам, яки халық жоқ. Дін атаулы осыны ғана сөз етеді, осымен ғана күреседі. Ақыры, соңында бұл құбылыс ұлы өнерге де өзінің көленкесін түсіреді.

Міне, бұрынғы әдебиет қазақтың рухани тарихының бірінші тарауын баян етсе, Абай поэзиясы екінші тарауын суреттеді және содан шығар жол іздеді.

Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап,
Арбал
Өз бетіңмен сен кетесің...

Өлең тілі – Шығыс поэзиясына тән биік ахуал тілі. Алғашқы жолдардан-ақ сорлы ғашықтың ерекше күйіне күә боласыз, тіпті нанғандай, иілгендей боласыз. Алайда осы мәжнүн сырдың ушығына шыққанда, алғашқы әсер үшті-куйлі жоғалып, орнын әлдебір лайлы, жайсыз сезім басады. Неге? Қайыра оқығанда барып көзіңіз жетеді – кейіпкер маҳаббат дертінен басқа бір дертке ұшыраған.

Абайдың ғашығы – «мен»-нің, «эго»-ның тұңғиғығына батқан адам. Оның қайғысы ғашық болғандығында емес, осы тұңғиғықтан шыға алмауында. Ол өзін ғана айтады, өзінің қамын ғана қамдайды, өзінің маҳаббатын, өз қасіретін фетиш, пұт дәрежесіне көтерген.

Біз қолымыздан келгенше бақытсыз болуға тырысамыз. Адамдар өзін сырт көзбен көре алмайды, көре алатын болса, өздерінің осы қалпына құлдер еді. Адам бар ақыл-ойын осы бақытсыздыққа жету жолына жүмсайды. Өмір адамға екі мүмкіндіктің екеуін де берген. Құн мен тұнді де, гүл мен тікенекті де. Барлығы сіздің таңдауыңызға байланысты. Таңдаудың кереметі сонда, егер де сіз тікенектің таңдасаныз, күндердің күнінде тікенектен басқа ештене де жоқ екенін көрсесіз, себебі, сіздің санаңыз осыған ғана үйренген. Бұл дүниеде тікенектен басқа гүлдің де бар екені, түннен бөлек күннің де бар екені... әрине, ойынызға кіріп те шықпайды.

Ақиқат жолындағы адамның жалғызы ғана қазынасы – сабырлы жүргегі. Мұмин ғана ақиқатқа жете алады. Бұл – мемменнін қолынан келмейтін іс, себебі, «эго»-пенденің жолындағы ең үлкен кедергі, ол сізді болмыстан бөліп тұр. Эгоның салдарынан сіз «дүниеден бос қалдым» деген сананың соңына түсесіз. Бірақ сіз ешқашан да дүниеден бөлек емессіз, сіз жеке арал емессіз, сіз ұшы-қыры жоқ құрлықтың бір бөлігісіз. Жоқ, мұның өзі жетімсіз сөз, сіз – сол құрлықтың өзісіз. Эго сізге құлазыған жалғыздықтың санасын дарытады, осы жалған сананың салдарынан сіздің жүргегініз біртін-біртін біржола жабылады. Өз-өзінізге тұйықталғаныңыз сондай, күндердің күнінде күн мен айды, тұнғының аспанды, жел менен жауынды да көрмейтін боласыз, дүниеден біржола қол үзесіз, тірдей көрге түсесіз. Және қайда жүрсөніз де, өзініз тудырған көрлерінің өзінізбен бірге жүреді. Бұл көрлер көзге көрінбегенмен, мәнгі жаныңызда.

Адамдар бір-біріне байланғаннан басқа ештенені білмейді. Бірақ сіз басқаға жармасқан сайын, ол сізден қашады? Неге? Себебі, бостандық сезімі, азаттық түйсігі адам жанымен бірге жаратылған.

Азаттық аңсары басқа сезімнің барлығынан биік, барлығынан терең. Сондықтан сіз азаттықтың жолына маҳаббатты да шаласыз, бірақ азаттықты ешқашан құрбан ете алмайсыз?

Міне, адамның барлық уақыттағы қасіреті осыдан келіп шығады (себебі, байырғы адам, қазіргі адам деген жоқ, адам өзінің рухани негізінде бір-ақ адам). Біз заттарға, адамдарға, белгілі бір көзқарасқа, қысқасы, бәріне байланамыз, ақырында байлану –

өнерге, өмір салтына, бәсекеге айналады. Бірақ байланған сайын қасіретіміз де ұлғая түседі, себебі, өмір бір орында тұрмайды, тіршілік үздіксіз қозгалыс үстінде – болмыстың заңы осы, тіпті бір-бірінен кейін келген екі сәт бір-біріне ұқсамайды.

Алтын күннің қызырып қалай батқанын тамашалаңыз, бірақ байланбаңыз, себебі, ол сурет емес – тірі дүние. Артынан түн келеді. Түннің өз сұлулығы бар. Бірақ байланған пенденің ақымақтығы сондай – ол осы кештің мәнгі тұрганын қалайды, осы кешті жоқтайды, «ah» ұрып отырып, қара барқыт түнін, жұлдыз жапқан сұлулығын байқамай қалады.

Білесің сен зерек,
Мен пеңдене,
Болды деме,

Кел қарас,
Ешкім сөгіс айтпас,
Рақым қылсын, кел ертерек!

Осы жолдардан жалынып-жалбарынған «меннен» басқа не көрер едініз? Тағдыр – мінездің жалғасы. Абай кейіпкерінің тіленші тағдыры оның тіленші болмысынан өрбіген.

Сөз жоқ, кейіпкер сезімінің сипатына қараңызшы – ең әуелі нені айтады? Кейіпкердің ең әуелгі қамы өзі, өзінің «мені», өзінің бақыты және сол бақыттың жазатайым ортайып калмауы. Құмарлықтың екінші, мәдениетті аты бар – ынтызарлық. Махаббат – бақидан, ынтызарлық – фәниден, табигаттан, адамның топырақ нәсілінен. Махаббатқа «мен», «эго» араласқанда, ол фәнилік болып шығады. Махаббатта екі мүмкіндіктің екеуі де бар... Сіздің махаббатыңызда ынтызарлық та, байлану да (өлеңде бұл адалдық деп аталады) бар – сонымен-ақ махаббат құсының мойнына тас ілінеді дей берініз. Ол енді ұша алмайды немесе ол құсты торға, мейлі алтын торға отырғызыңыз дейік, тіпті тордың іші кең болсын дейік. Бірақ бәрбір бостандық жоқ.

Ішінізге теренірек үнілсөніз, махаббаттың жай ғана сөз екенін, ал оның орнында құмарлық отының алаулап жанып тұр-

ғанын көресіз. Бірақ бұл от жайында тікелей айта салу ыңғайсыз. Қоғамда қабылданбаған әдет, құмарлық жайын айтуда аз-мұз дипломатия керек. Сондықтан сіз тәнніне ынтызар болған, әуес әйелге онын «жанын сүйемін» деп айтасыз. Өз жанынызды танымаған сіз басқаңың жанын қалай сүйесіз? Бірақ өнен бойы құмарлық кернеген адам – жан туралы айтуга бейім.

«Махаббат» сезінің өз басында тұрған ештеңе жоқ. Махаббат нәрге айнала ма, әлде уға айнала ма – өзінізге байланысты. Егер де махаббаттан тәннің тоятын ғана іздесеніз, ондай махаббат қасірет пен қайғыны, жан жарасын әкеледі, құлдықтың лас кебіне түсіреді. Алыстан күнге шағылысып от шашқан алтын сарай жакын келгенде қапас болып шықты. Бұл махаббаттың кінәсі емес, себебі, сіз махаббат деп басқа бір нәрсені сезінгенсіз.

Махаббатта кешеуіл болмайды, әділестіздік те жоқ. Сіз нені берсөніз, соны аласыз. Шын сүйсеніз – алған жауабыңыз махаббат болмақ.

Жауап – басқаға байланысты емес, жауап – сіздің махаббатыныздың жанғырығы. Сіз біреудің махаббатын тосасыз. Еш махаббатсыз, махаббат жайын жай ғана әңгіме қылып отырып, біреуден адал сезім күтесіз, құрбандық алғының келеді. Өзіңнен ештеңе бермей, ештеңе бөліспей, басқаңың барын сұрау – ынтызарлық, махаббаттың ең төменгі сатысы; өзіңнің барынды беріп, ақысина ештеңе сұрамау – мейірім, махаббаттың ең биік шыңы. Руханияттың шынына шыққан адам ғана бойындағы барын береді. Өтеуіне ештеңе сұрамайды.

Ынтызар да, сүйген де – екеуі де бір сатыда, бір баспалдакта тұруы мүмкін, мәселе кімнің қай бағытта кетіп бара жатқанында. Сүйген адам жоғары қарап, жоғары өрлейді. Оның сезімі махаббатқа, мейірімге айналған. Ынтызар адам төмен кетіп барады, онда мейірім жайлы ешқандай түсінік жоқ – тек кана мақсат бар. Рахатқа жету керек, жену керек, алу керек.

Тағы да қайталап айтайық, мәселе бағытта ғана. Биіктің жанында төмениң өзі өседі, өркен жаяды, гүлдейді. Төмен сезім асқақтағанда биіктің өзі азады.

Өлең кейіпкерінің сонша жалынғандағы мақсаты – бір кездे өзіне бақыт сыйлаган әйелді... қайырып алу. Мақсатқа жету

жолында ештеңеден тайынбайтын, тізерлеп тұрып тіленші болудан да арланбайтын қорқынышты адам! Жан шошырлық әрекет! Әрине, қайран қаласыз. Ақыл-есті сонша билеген ынтызарлыққа.

Абай кейіпкерінің өзінде жоқты басқадан сұрап алғысы келетін соқырлығына ғажап қаласыз!

Мәжнүн жігіт өзінің сезінгенін биік дерпт дәрежесінде көрсеткісі келгенімен, шын мағынасында ол бұрынғы қызықтың жалғасын ғана сұрап отыр.

Махабbat – ақиқаттың екінші аты. «Мен» ақиқатпен сыйыспайды. Не «мен» – не ақиқат. Не «мен» – не махабbat. Ақиқатты ақылмен танып-білу мүмкін емес, себебі, ақыл – өткеннің, бұрыннан белгілінің нәтижесі. Ақыл – бұрынғы көргеннің, түйсіктің жиынтығы, шежіресі. Әрбір кезекті эсер, сезім осы бұрынғы тәжірибеге таныстығымен ғана бағалы, адамның ақылы тұмысында жалқау, себебі, рахат, ләззат – бұрыннан белгілінің сонына тұсу. Ақыр сонында ақыл әрбір кезекті эсерді, қызықты жіпке тізумен ғана айналысатын өлі мүше болып шығады.

Кейіпкер «жанымды, рухымды қорлады» деп өзі ынтызар болған әйелді наңдырғысы келеді. Алайда, өлеңге деңдеп енгенде мұның да сөз қадірін білетін жырынды жігіттің тамаша айласы, шебер жасалған иллюзия екенін көressіз. Себебі, бұл жерде қорланып сөйлеп тұрган жігіттің жүрегі, жаны емес – оның өткен өмірі, тәжірибесі, содан соң, шамасы, қоғамдағы орны, қыскасы, мейманасы.

«Адам бұл дүниеге жалаңаш келіп, жалаңаш кетеді» дейді халық даналығы. Бейнелі сөз деп қабылдайық. Адамның бақидан алып келген, Жаратушыдан мұраланған жалғыз ғана асылы, ешкім тартып ала алмайтын қасиетті рухы бар. Адам бұл дүниеге немен келді – сонымен кетеді. Тиесілі еместің барлығы, мысалы, қоғамдағы дәреже, біткен дәүлет, атақ-абырой адамнан тартып алынады. Барлық пенде о дүниеге аттанғанда, Ескендір құсап алақаны ашық күйінде кетеді – несие қайтарылды деңіз. Бірақ адамның өзіне ғана тиесілі асылы – рухты ешкім ешқашан тартып ала алмайды. Рухты қорлау да, таптау да мүмкін емес.

Корланатын, тапталатын адамның мейманасы, өзі қалыптастырыған, әлпештеп өсірген, ақыр сонында тоғымсыз аждаһаға айналдырыған «эго»-сы.

Шын жүрек – бір жүрек,
Қайта толқыш,
Жолдан коркып айнымас...
Сен аттың жөнсіз оқ.
Тәнірі – казы.
Тас таразы,
Тентекті
Сұрамас деп,
Қалма,
Серг бұзғаның біл, орны – шок.

Кейіпкер әйелден адалдық тілеп тұр, сертін сұрап тұр. Құрғана – эмоция. Ғашық жігіт айтып тұрған уағда, адалдық бар болғаны – аты аталмаған неке. Некенің салдарынан адамда махаббат жайлы аныны түсінік қалыптасқан. «Махаббат – мәнгі өзгермейтін сезім» деген қағида адам санасынан берік орын алған. Тас қана өзгермейді. Бірақ санасы, интеллекті өскен сайын адамның өмірі үздіксіз өзгеріс ағынына айналады. Сүйгенінді серттен тайды, адап болмады деп айыптамаңыз. Себебі, өліп қалған сезімді қайта тірілтуге тырысу басқаның ықтиярына міндетті турде қайшы келеді. Ие, көктем келді, жаныңыз гүлдеді. Ескен желдей келді де кетті. Келгенде қуандыңыз. Кеткенде қоштасыңыз. Сол бақытты құндерге, жаныңызды аймалаған самал желге ризашылық айтыңыз. Ие, махаббаттың өлгені – қасірет, бірақ кешпестей құнә емес. Әлемде әdep, репутация, абырай деп бір-біріне байланған, бір-бірінен кете алмайтын қаншама адам бар. Қоғамның занына амалсыз бас иген адамдар бір-бірін сүйген болады. Міне, нағыз құнә, нағыз қылмыс – осы.

Біреуді сүйген екенсіз, құндердің құнінде асықтық кетіп, ықылас өлгенде, бойыныздан кіслік, адалдық табыңыз да, қасіретті жүргінізді ашып, шындықты айтыңыз. Бірнеше жыл, ай, тіпті бірнеше құн болсын, жүргегініз махаббатқа толды, сол жақсы құндерге алғыс айтыңыз. Бір кезде ләzzатын сыйлаған әйел енді

сүймейтінің, сезімнің өлгенін айтып тұрса, бұдан артық қандай адалдық керек!

От барда әлем жарық болды, от өшкенде дүниені қараңғылық басты. Жүргінізде махаббат бар болса – бар екенін, жоқ болса – жоқ екенін еш жасыра алмайсыз.

Ерте ме, кеш пе, ғашықтардың біреуі немесе екеуі бірдей ес жиып, сезімнің қандай құбыжыққа айналғанын көреді. Содан соң... содан соң қайғылана отырып, бір-біріне жүректерін ашысады, қош айтысады. Неге? Бостандықтарын ғашықтыққа құрбан ете алмағандықтан. Біз мұндай адамдарды ер дейміз.

Жүректе де шек бар. Ал шектің ар жағы... қорлық көп, шірік сөз, жалған серт. Екі адамның арасында шындық болмаса (ал шындықтың жоқтығы уақытша қызық, күйіп-жанған құмарлықпен кіреу келенген дейік) сол шындықтың жоқтығы заманы жеткенде аян болады. Және кешеуілдеп жеткенине карай қорқынышты бола түспек (...).

Бір-бірінізді сүйіңіз, бірақ махаббатты кісенге айналдырыманыз. Махаббат ықылас, талаппен келмесін, адамдардың бір-біріне өз өркімен берген сыйы болсын. Иманның бір аты – әділет. Махаббатты таныған адам әділетті де біледі. Шын сүйсен – бостандық бер.

Адамдар неге бір-бірін іздейді? Жалғыздықтан қорыккандастықтан. Өзінің ішкі әлемінен пана таппаган адам басқаны іздейді. Бірақ тапқан адамы ол да жалғыздықтан қашып келе жатқан қашқын болса ше? Екі адам қысқа мерзімге ғана тіл табысады. Әрине, мұны махаббат деу киын.

Әдепкі адам – жалғыз жүргенде бақытсыз. Ол өзінің ішкі әлемін құла медиен деп түйсінеді, өзін дүниеден бос қалғандай сезінеді. Ондай адам жалғыз жүре алмайды. Жалғыздықтан қатынасқа қашады. Еркек жалғыздықтан қашып, әйелді табады, әйел жалғыздықтан қашып еркекті табады.

Бұл шын қатынас емес, үстірт беті ғана, себебі, екі адам бір-бірін жалғыздықтан құтылудың амалы, құралы ретінде ғана пайдаланады.

Біз достықты ойлад шығардық, қатынастарды ойлад шығардық. Не үшін? Жалғыз емеспіз деп айту үшін, жалғыз емес

екенімізді көрсету үшін. Бірақ не істесек те, барлық әрекетіміз – зая, себебі, адам өз жанының түкпірінде жалғыз екенін ешқашан ұмытпайды.

Адамдар бір-бірімен тілдесспейді – бар болғаны бір-бірінің жанында отырып сейлейді. Қозіңізге жолды елестетіңіз. Сонау көкжиекте жолдың екі шеті түйісетін сияқты. Бірақ бұл иллюзия. Жақын барыңыз, жол – баяғы жол, екі қантал.

Адамдар да сондай. Дүниені ежелден жалғыздық билеген. Құлазыған жалғыздық. Адамзат осы жалғыздықтан қашудың пәленбай амалын тапқан болды, қатынастың неше түрін қалыптастырыды. Бірақ тұлдырып жалғыздықтан қашқан адамдардың арасында шын достық, яки шын маҳаббат болуы мүмкін емес, себебі, шын қатынас мұқтаждықтан туындалмайды.

Шын маҳаббат жалғыздықпен ғана жолдас. Рухани жоктықтан, мұқтаждықтан кездескен екі адам бар болғаны бірін-бірі пайдалануға тырысады. Бұл жерде маҳаббат жоқ, бұл – жаулықтың бір түрі ғана, меймананың сайысы ғана. Құндердің күнінде бал таусылып, удың кесесі ішіледі. Міне, енді ғашықтар қақпанға түсті. Бұрын әркайсысы жеке жүріп жалғыз еді, енді бірге отырып жалғыз. Бұдан өткен қасірет бола ма! Тұптеп келгенде, маҳаббат пен жалғыздық, екеуі – бір нәрсе. Біз бұл арада тастандылық санасынан туындаған құлазыған жалғыздықты (покинутость) емес, мейір-шапағатты, өз-өзіне жетілген (самодостаточное одиночество) жалғыздықты айтып отырмыз. Адам мұндай жалғыздықта өзін жалғыз сезінбейді.

Мейірлі, шапағатты жалғыздық – мұлдем басқа нәрсе. Мұнда адам жалғыз болудан қорықпайды. Ол өзінің жалғыздығын жақсы көреді, одан лаzzат алады. Жалғыздықтан оның рухы жаңғырады. Ақырында өз рухын таныған, Құдайдың дидарын көрген адамның бойын телегей шаттық кернейді. Міне, осы кезде ол жауынға жүкті бұлттың күйін кешеді. Бұлт жауын төккенде, ол жерге, жерден жарып шыққан көкке керек пе, жоқ па, білмейді, ол тек бойын босату керек. Асып-төгілген шаттық – ең ауыр салмақ. Қасірет пен қайғыны жалғыз жүріп көтеруге болады. Бірақ шаттықты бөліспек керек. Міне, шын маҳаббат мұқтаждықтан емес – өзіңнен артылғандақтан, асып-төгілгендіктен.

Абай кейіпкерінің ынтызарлықтан санасы сансыраған кезде айтқан бір сөзі естен кетпейді:

Жар, сенің көңілің тоқ,
Ақ етіңді,
Нұр бетіңді
Меншікті
Кылмаган соң,
Алла
Өзі сорлы етсе, жоқ.

Амал не, Алла тілекті бермеді, етіңді, нұр бетіңді меншікті қылмады дейді ғашық. Тағы да «Мен!» «Меншігім болуың керек еді» дейді. «Мен осындаи болдым, ал сенің көңілің тоқ» дейді. Сол «меннен» туындаған, жаһаннамның отындаи күйдірген қызғаныш! Қызғаныш, тіпті ынтызарлықтан туындаған қызғаныш болсын, ешқашан биік қасиет болмаған. Қызғаныш – кемді күннен туатын, бостандыққа еш жанааспайтын сезім (...).

Абайдың кейіпкери – өзінің рухынан тамыр тартпаған, өзінің жалғыздығын тани алмаған, өз-өзіне жетілмеген, сыртымен ғана ғұмыр кешкен адам. Оның бойында заңғар менмендік, ғарыштай үлкен «эго» бар. «Мендей сүйген, махаббатқа мендей құл болған пенде бар ма еken бұл дүниеде?» дейді ғашық.

Мактан. Бірақ махаббатқа мактан жүре ме еken? Бұл ынтызарлықтың ар жағында бойын жасыра алмай тұрган меймана.

Ал әйел... үнсіз. Абай поэзиясын зерттеушілердің байқамаған бір нарсесі – осы. Бұл өлең ғашық жігіттің монологы емес, екі адамның – әйел мен еркектің арасындағы этикалық тартыс. Өз бетінше бөлек тұрган шығарма болмайды. Қандай да болсын шығарма, әйтеүір, бір контекспен шендерседі, тартысқа түседі. Осы сөзіміз өтірік болса, онда Абайдың әйел тенденгін жырлағаны да өтірік. Феодализм дәуірінде өмір сүрмеген, ескі заманың әңгімесін шежіреден билетін біз үшін әйел тенденгі өз-өзімен болған нәрсе сияқты. Бірақ сол ескі заманда әйел бостандығы нақты проблема болған. Кісілікте, ізгілікте басқа қазақтан ертерек оянған Абай тенденк мәселесіне келгенде үнсіз қалса... Абай болмас

еді. Себебі Абай үшін әйел теңдігі – ең әуелі өз анасы Ұлжанның теңдігі, сүйген жары Ділдөнің теңдігі.

Не айтсын? Айтатыны сонша көп, сөзге сыймас еді. Сол себепті, үнсіз. Бірақ бұл үнсіздіктің өз шешендігі бар. Бұл үнсіздік ести білген адамға сөзден айтқыш, қымбат үнсіздік. «Үнсіздікten артық етіп айта алмасан, үндеме» дегіті бір данышпан. Әйел – осыны билетін саналы жүрек иесі. Мәжнүн жігіт махаббат жайында біледі, махаббаттың өзінде тұр. Оның үнсіздігінде тілмен айтып жеткізгісіз асқақ сұлулық, бақидың дәмі бар. Тіршіліктің тілі – бір ғана тіл: үнсіздік. Тәнірінің күбірі жым-жырт үнсіздікten ғана естіледі. Әйел – Тәнірінің күбіріне, тіршілік жырына ұйыған адам. Ол махаббат жайында айтып бере алмайды. Себебі, махаббат адамның мұқтажынан, керетінен емес, оның негізінің теренінен өсіп шыққан гүл. Сөзден, сөз дүниесінен аулақ тұр. Ол тіршілік жырын жырладап тұр, бірақ бұл жырды сөзге айналдырмау мүмкін емес. Оның махаббаты – дұғасы. Сүйген жүрек үшін, сыйынған жүрек үшін барлық жер – қағба.

Мұның жаңында мәжнүн жігіт айтқан «Тәнірі – қазы, Тас таразы» неге татиды? Әрине, әйел – катігез. Бірақ, бұл – мейірімнен туған қатыгездік. Айтар сөзін адал айтқан қатыгездік.

Әйел кұнаһар емес. Өмір-дастанның бір парагын ғана оқып, үкім айтпаңыз. Өзінізді тұтас тани алмай тұрып өзініздің кім екенінізді білмей тұрып, басқага қалай баға бермексіз? Әуелі өзінізді таныңыз, өзінізді тани түскен сайын басқаның жайына, сирона қана түсесіз. Өзінізді толық таныған күні сіз күнәхар да, әулие де жоқ екенін, мұның барлығы қалың үйқыда жатқан адамзаттың драмасы екенін түсінесіз.

Абай поэзиясы бостандықтан туған. Ақынның аталмыш өлеңі – осының айғағы. Бұл шығармадан автордың поэзиясын ажырату қыын. Әдеби форманың құтияларынан бейхабар адам мұның байыбына барып та әуре болмайды. Бұл жерде ақындық «мен» жоқ. Бұл Абайдың өзімен бірге о дүниеге кеткен рухани тәжірибесі де емес, тіпті тастап шыққан, жеріп шыққан «мені» де емес. Бұл – кейіптелудің биік үлгісі, қазақ әдебиетіне бейнелеудің жана түрінің келгенін айғақтайтын белгі.

Ақын осы өлеңінде шылыққа толы ескі, мәжуси дүниемен қоштасты, жаңа заманға, жаңа низам, жаңа хұқыққа аяқ басты. Өрине, патриархалдық қоғамның Абай айтқан қағидаларды қабылдауы киын еді. Абай әйел бостандығын алғаш сөз еткен ақындардың бірі деседі. Олай емес. Абай әйел бостандығы, ерек бостандығы деп жеке-жеке атамаган. Ол бір ғана бостандықты – адам бостандығын жырлаган.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмагамбетов И.Н. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Фылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап еткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сез. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сез. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сойлеген сезі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп журміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіріністер. – Астана: Құлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абрахманов С. Төлтума мен телтума (зергітеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзыым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазынды, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы агартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Фылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Фаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Қебесов А. Әл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Қебесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұргали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егemen Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталаған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбагы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазак» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмагамбетов И. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы	3
Сұлтанов К. Абай – адамзатқа ортак тұлға	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша қүйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов К. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев К. Абай Құнапбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздыков К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбабагы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктеп	296

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуга 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.